

## «Жазаларды орындау Исполнение наказаний» 03 (148) 2015

### Академия тыңдаушылары еркін күрестен ерледі

Үстіміздегі жылдың 29-31 аралығында жастар арасында спорттық шеберлікті жоғарылату, дамыту, насихаттау, Қостанай облысының құрама командасын құру және Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысу үшін еркін күрестен ең үздік деген спортшыны анықтау мақсатында, еркін күрестен облыстық чемпионат болып өтті. Аталған облыстық чемпионатқа Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің тыңдаушылары белсене қатысты.

Тыңдаушыларды чемпионатқа спорттың еркін күрес түрі бойынша барша жұртқа танымал спортшы, жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының аға оқытушысы полиция полковнигі Айдарбек Ақылбеков дайындады.

Айдарбек Ақылбековтың тынымсыз еңбек етуінің арқасында оның шәкірттері 84 келі салмақта бірінші орынды 1 курс тыңдаушысы Сұлтан Минтаев, 60 келі салмақта екінші орынды 2 курс тыңдаушысы Айбек Ақылбеков жеңіп алып, Қостанай облысының құрама командасына енді. Чемпионатқа қатысқан барлық қатысушылар грамоталармен және медальдармен марапатталды.

Осы чемпионаттың қорытындысы бойынша биылғы жылы еркін күрес бойынша Тараз қаласында өткізілетін Қазақстан Республикасы чемпионатына біздің тыңдаушыларымыз Сұлтан Минтаев пен Айбек Ақылбек қатысатын болады.

Ю.Щур  
полиция полковнигі  
ІІМ Қостанай академиясы